1. Ортағасырлық жапон әдебиетінің ерекшеліктерін анықтап, оның көрнекті өкілдерін атап көрсетіңіз.
2. Антикалық әдебиеттің ерекшеліктерін атап, оның даму кезеңдерін атаңыз.
3. «Гильгамеш поэмасының» сюжеттік желілерін көрсетіп, кейіпкерлерін сипаттаңыз.
4. «Қорқыт ата кітабының» сюжеттік желілерін көрсетіп, кейіпкерлерін сипаттаңыз.
5. Конфуцийшілдік идеяның негізін ашып, оның ортағасырлық қытай әдебиетінің ерекшеліктерін белгілегенін көрсетіңіз.
6. Ортағасырлық араб әдебиетінің ерекшеліктерін сипаттап, жанрлық ерекшеліктерін көрсетіңіз.
7. Ортағасырлық корей әдебиетінің ерекшеліктерін сипаттап, өкілдерін атаңыз.
8. Еуропалық батырлық эпостың ерекшеліктерін сипаттап, негізгі шығармаларын атаңыз.
9. «Махабхаратаның» сюжеттік желілерін көрсетіп, кейіпкерлерін сипаттаңыз.
10. Ежелгі грек әдебиетінің жанрлық ерекшеліктерін көрсетіңіз.
11. Фердоусидің өмірін сипаттап, оның «Шахнама» шығармасының сюжеттік желісін көрсетіңіз.
12. Геркулестің ерліктерін баяндап, басты кейіпкердің ерекшеліктерін атап өтіңіз.
13. «Нибелунгтар туралы жырдың» фабуласын баяндап, басты кейіпкерлеріне сипаттама беріңіз.
14. Данте Алигьеридің өмірі мен шығармашылығына тоқталып, оның «Құдіретті комедиясының» композициясын анықтаңыз.
15. Гомер поэмаларының ерекшеліктерін көрсетіңіз.
16. «Роланд туралы жырдың» фабуласын баяндап, басты кейіпкерлеріне сипаттама беріңіз.
17. «Менің Сидім туралы жырдың» фабуласын баяндап, басты кейіпкерлеріне сипаттама беріңіз.
18. Құранды әдеби ескерткіш ретінде анықтаңыз.
19. Софоклдың өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
20. Шекспирдің өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
21. Эразм Роттердамскийдің өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
22. Чосердің «Кентербери әңгімелері» кітабының негізгі идеясын анықтап, кейіпкерлер палитрасын көрсетіңіз.
23. Томас Мордың «Утопиясының» мазмұнын ашыңыз.
24. Джованни Боккаччоның өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
25. Низамидің өмірі мен шығармашылығына сипаттама беріңіз.
26. Мигель де Сервантес өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
27. Лопе де Веганың өмірі мен шығармашылығын сипаттаңыз.
28. «Одиссеядағы» және «Қорқыт ата кітабындағы» кезбе сюжеттерді белгілеңіз.
29. «Назира» дәстүрін сипаттап, шығыс әдебиетінде таралған негізгі сюжеттерді көрсетіңіз.
30. Шекспир трагедияларының негізгі тақырыптарын көрсетіңіз.

Введение в лит

Автор ойын ашудағы композицияның рөлін анықтап, сюжет элементтерінің функцияларын көрсетіңіз.

Фольклор жанрларын атап, олардың жанрлық ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Европалық дәстүр тұрғысында негізгі өлең жүйелерін атап, олардың ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Лириканы мен драманы әдеби тек тұрғысында анықтап, олардың жанрларын сипаттаңыз.

Эпосты әдеби тек тұрғысында анықтап, оның жанрларын атаңыз.

Әдебиеттанудың ғылыми пәндерін атап, олардың қарастыратын мәселелерін анықтаңыз.

Әдеби бағыттарды атап, олардың ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.

19-20 ғасырлардағы әдеби ағымдарды атап, олардың ерекшеліктерін белгілеңіз.

Көркем сөздің өнерлер қатарындағы орнын анықтаңыз.

Троп түрлерін атап, оларға мысал келтіре отырып, сипаттама беріңіз.

Фигуралардың классификациясын беріп, олардың функцияларын көрсетіңіз.

Нарратор түрлерін сипаттап, олардың айырмашылықтарын көрсетіңіз.

Қазақ өлеңіне тән ұйқас түрлерін атап, оларға сипаттама беріңіз.

Классицизм бағытының ерекшеліктерін көрсетіп, оның персонажына сипаттама беріңіз.

Романтизм бағытының ерекшеліктерін көрсетіп, оның персонажына сипаттама беріңіз.

Метонимия мен синекдоханың ерекшеліктерін мысалдармен көрсетіңіз.

Амплификация түрлерін атап, олардың ерекшеліктерін анықтаңыз.

Метафора түрлерін, жасалу жолдарын көрсетіп, олардың ерекшеліктерін мысалдармен анықтаңыз.

Силлабика-тоникалық өлең түрлерін атап, олардың ерекшеліктерін анықтаңыз.

Контраст троптарының түрлерін атап, ерекшеліктерін көрсетіңіз.

**Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:**

Қызылқұмда ізіміз қалар ма екен,

Іздеген жан біздерді табар ма екен?

Адасармыз, адассақ, қарамай-ақ

Кел екеуміз кезейік жалаң аяқ.

Қасиеттеп, қадірлі жерімізді,

Қалдырайық,басайық мөрімізді.

Әуестемей әлдекім салған ізді,

Өзімізше сызайық таңбамызды.

Адасармыз мықтаса құм шағылда,

Тынығармыз Қызылқұм құрсағында.

Тек ізіміз...

Ізіміз өшпесе екен,

Құйын тұрып,құм басып, көшпесе екен.

Өшсе, өшер,өшкенге қарамай-ақ

Қызылқұмды кезейік жалаң аяқ.

Қызылқұмда ізіміз қалар ма екен,

Іздеген жан біздерді табар ма екен?..

22

**Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:**

Жел - тым тентек бір бала,

Жан сүйгені - сар дала,

Дамыл алмай жүгіред.

Ерні өтірік қыбырлап,

Сыр айтқан боп сыбырлап,

Кейде аң боп өкіред.

Желге еш нәрсе тең емес,

Тау да жолын бөгемес,

Сақ-сақ күліп секіред.

Жүйрік желім тым сотқар,

Біреу бетін жапса егер,

Әдейі бетке түкіред.

Мазасы жоқ жел ерке,

Оянып ап тым ерте,

Жорғалай басып кетеді.

23

**Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:**

Қыс, қар, мұз, қырау, қылау - жерді көміп,

Бұлт бүркеп, тұман төніп, баса шөгіп,

Жер-көкті аяз бүріп, қызыл жалап,

Бұрқ-сарқ боран құсып, шашып, төгіп.

Кейде аяз, кейде бұрқақ, кейде қырбақ,

Кейде еркек, кейде күрпік, кейде сырғақ,

Жер тарпып, аспанды аршып алтын күрек,

Сапырар сұрапылды кейде бір уақ.

24

Өлеңге талдау жасаңыз:

Ақынды ақын оятпаса, болмайды,

Ақынды ақын таяқтаса, ол - қайғы.

Ақынды ақын сүйемесе, болмайды,

Ақынды ақын күйелесе, ол - қайғы.

Ақынға ақын басынан-ақ жуық-ты,

Барлық ақын бір анадан туыпты.

Ақынға ақын адал болсын әмәнда,

Ақынға ақын арам болса, жаман да...

Ақынға ақын, ете көрме пенделік!

Ақын, ақын! Пенделікті жөнделік!

25

Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:

Мұнар да мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн,

Буыршын мұзға тайған күн,

Бура атанға шөккен күн,

Бұлықсып жүрген ерлерден

Бұрынғы бақыт тайған күн,

Қатарланған қара нар

Арқанын қиып алған күн,

Алма мойын аруды

Ат көтіне салған күн,

Бұлаңдай ерді кескен күн,

Буулы теңді шешкен күн,

Сандық толы сары алтын

Сапырып судай шашқан күн -

Түс қыла гөр, құдайым,

Біздей тақ мейманасы тасқанға

Біздің ер Исатай өлген күн!

26

Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:

Қараңғы түн...

Көрінеді жол қашан?

(Жол қадірін білер ме едің тоңбасаң?..)

Туған ауыл қай бөктерде? Қай тұста?

Жетермін бе қанатымды қомдасам?!

Қаңтар...

Аяз...

Қара боран тұр ұлып.

Қара аспаннан ой жауады сырылып.

Қара дала... Қалш-қалш етіп иығы,

қол бұлғайды қауқарсыздау бір үміт.

Заты момын, түлігі мол қауымды,

өгейсітіп өзім туған ауылды

алдым ба әлде?

Адастым ба?

Бұл қалай?

Қара түнде айыра алмай тауымды?..

Қайда келем?

Жөн бе мына бағытым?

Көзді байлап қойғандайын тағы түн.

Көрінбейді туған ауыл жарығы.

Қайда жырым?

Шалдыққан ба шабытым?..

Түзде боран...

Көңілде үрей...

Түн үнсіз...

Арман қашып бара жатыр тұлымсыз.

Жол – бұлыңғыр.

Үміт, күдік – екі ұдай,

жүрегімді ұрғылайды тынымсыз.

Қараңғы түн.

Көрінеді жол қашан?

(Түсінер ме есті пенде толғасам?)

Алай-дүлей ақ түтегі ғасырдың...

Өтермін бе қанатымды қомдасам?!

Жетермін бе?

Көрінеді жол қашан?..

27

Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:

Жал-жая ма?

Қадірлеген атамыз.

Коньяк па?

Аздап дәмін татамыз.

Бәрін қойып дастарханға,

О тоба!

Нан қоюды ұмытып кетіп жатамыз.

Бүгін көңіл семірді ғой,

Семірді!

Бітік егін жауып кетті өңірді.

Бір жүз грамм арақ емес,

Бір кезде

Бір үзім нан алып қалған өмірді.

28

**Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:**

Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.

Жүзінде кәрі жердің әжімі көп,
Ізімді табарсыңдар әзер іздеп.
Оқырсың сонда, мүмкін, бұл жырымды,
«Досың да, туысың да біздерміз», - деп.

Ризамын туғаныма адам болып,
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.
Адамзат сапарының мейманымыз
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.

Екі көз - екі жұлдыз маңдайдағы,
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.
Япырмай, сен де бір күн сөнермісің
Қап-қара түнек болып маңайдағы?!

29

**Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:**

Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,
Бір жұлдыздан тұрады, махаббаттың аспаны.
Сол бір жұлдыз жанады, сол аспанды жарық қып,
Жарықта да түк көрмес ғашық болған жарықтық!

Сол жұлдызсыз белгілі, оның естен танары,

Маңдайда емес, жүректе -

Ғашықтардың жанары.

Сол жүрекпен қараймын, сол жұлдызға сүзіліп,

Шаңыраққа ілінді ол, көк аспаннан үзіліп.

Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,

Бір жұлдыздан тұрады шаңырақтың аспаны!

30

Өлеңге поэтикалық тұрғыда талдау жасаңыз:

Сен үшін сонау алыстардағы елес ем.

осынша мені арман қып келдің неге сен.

«Сыртыңнан сүйіп жүретінімді

сезуші едің ғой»,-демесең,

мен саған ғашық емес ем.

Бас иген көп-көп бозбалаларға паңдана

асқақтау басып, бақытты болдым.«Сонда да

жан-жүрегіңді толтырар бір жан

жетпей жүрді ғой»,-демесең,

мен саған ғашық емес ем.

Бір дауыл сәттің соғарын сезіп жүргенмен,

сен екеніңді білген бе ем…

Әйтеуір, жаным,«бұл күнде менсіз

жүре алмайсың ғой»,-демесең,

мен саған ғашық емес ем.